

Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополия субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі Төрағасының 2004 жылғы 15 қарашадағы N 448-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 15 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу N 3277. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының м.а. 2013 жылғы 31 шілдедегі № 240-НҚ бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының м.а. 31.07.2013 № 240-НҚ бұйрығымен (алғаш ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту: Тақырыбында және бұдан әрі мәтін бойынша "табиғи монополия" деген сөздер "табиғи монополиялар" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 86-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 қазандағы N 1126 қаулысымен бекітілген Табиғи монополиялар субъектілерінің тарифтік саясатын жетілдірудің 2002-2004 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының 49-тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 12 қазандағы N 943 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі туралы ереженің 21-тармақтың б) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН** :

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің 2009 жылғы 13 ақпандағы N 42-НҚ Бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері:

1) (Алып тасталды - ҚР Табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің 2009 жылғы 13 ақпандағы N 42-НҚ Бұйрығымен).

2) реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері бойынша және тұтастай алғанда реттеліп көрсетілетін қызметтер бойынша есепті Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігіне жыл сайын 1 мамырдан кешіктірмей ұсынсын.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 86-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2009.02.13 N 42-НҚ, 2010.09.24 N 279-НҚ б ұ й р ы қ т а р ы м е н .

3. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Телекоммуникациялар және аэронавигация саласындағы реттеу мен бақылау департаменті (Е.М.Досмағамбет):

1) ұсынылып отырған табиғи монополиялар туралы заңнамаға сәйкес реттелетін аэронавигация қызметтерінің түрлері табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу әдістемесін белгіленген тәртіппен келісуді қамтамасыз е т с і н ;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің Әкімшілік және аумақтық жұмыстар департаменті (Токарева М.А.) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін:

1) осы бұйрықты ресми бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауды белгіленген тәртіппен қамтамасыз етуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің құрылымдық бөлімшелері мен аумақтық органдарының және "Қазаэронавигация" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының назарына ж е т к і з с і н .

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының орынбасары А.П. Нефедовқа жү к т е л с і н .

6. Осы бұйрық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

К е л і с і л д і
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К ө л і к ж әне к о м м у н и к а ц и я л а р м и н и с т р і

2004 жылғы 26 қараша

"Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесін бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы
Табиғи монополияларды реттеу
агенттігі төрағасының
2004 жылғы 15 қарашадағы
N 448 - НҚ бұйрығымен
бекітілген

**Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи
монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар
мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке
алуды жүргізу ережесі 1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізу ережесі (бұдан әрі - Ереже) табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттелетін қызметтердің түрлері бойынша тарифтерді қалыптастыру мақсатында аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің бөлектеп есепке алуды жүргізудің негізгі қағидаттарын, бөлектеп есепке алуды ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту: 1-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 86-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2009 жылғы 13 ақпандағы N 42-НҚ Бұйрықтарымен.

2. Табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есеп алуды жүргізудің (бұдан әрі - бөлектеп есепке алу) мақсаты табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган (бұдан әрі - уәкілетті орган) бекітетін экономикалық негізделген тарифтерді белгілеу үшін реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді айқындау болып табылады.

Ескерту: 2-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу Агенттігі төрағасының 2009 жылғы 13 ақпандағы N 42-НҚ Бұйрығымен.

3. Табиғи монополиялар субъектілері тарифтерін уәкілетті орган бекітетін табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамаға сәйкес реттелетін аэронавигация қызметтерінің түрі бойынша (бұдан әрі - реттелетін қызметтер) табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке

Ескерту: 3-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2010.09.24 N 279-НҚ Бұйрығымен.

4. Бөлектеп есепке алу реттелетін қызметтердің әрбір түрі бойынша және негізгі қызметке технологиялық байланысты және (немесе) табиғи монополиялар саласына жатқызылған тұтастай өзге қызмет бойынша табыстар, шығындар мен іске қосылған активтер туралы жеке-жеке ақпарат жинау мен қорыту, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес почта туралы заңнамамен белгіленген қызметті (бұдан әрі - өзге қызмет) жүзеге асыру жүйесін білдіреді.

5. Бөлектеп есепке алудың негізгі қағидаттары:

1) табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бастапқы құжаттар деректерінің негізінде өндірістік процестер мен қызметтер түрлерінің тиісті топтарына тікелей жатқызудың мүмкіндігі кезінде тікелей жатқызу б а с ы м д ы л ы ғ ы ;

2) табыстардың, шығындардың және іске қосылған активтердің өздері байланысты өндірістік процестер мен қызметтер түрлерінің сол топтарына себептік-салдарлық байланысы;

3) табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді өндірістік процестер мен реттелетін қызметтер түрлерінің тиісті топтарына жатқызудың және бөлудің ашықтығы.

6. Бөлектеп есепке алу осы Ережеге сәйкес табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді өндірістік процестер мен қызметтер түрлерінің топтары бойынша бөлуге қажетті бөлшектеу деңгейін қамтамасыз етуге бухгалтерлік және басқарушылық есеп жүргізу үшін пайдаланылатын бастапқы құжаттарға негізделуі тиіс. Осы Ереже аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгілеген қаржылық және салықтық есептер ұсынудың тәртібі мен нысанын өзгертпейді.

7. Бөлектеп есепке алуды жүргізу мақсатында Ережеде қолданылатын негізгі ұ ғ ы м д а р :

1) бөлу базасы - шығындар мен активтердің іске қосылу дәрежесін қызметтер түрлеріне бөлу үшін пайдаланылатын сандық немесе пайыздық көрсеткіш (к ө р с е т к і ш т е р) ;

2) сыртқы қызметтер - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің сыртқы пайдаланушыларға ұсынатын қызметтер;

3) сыртқы пайдаланушылар - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілері қызметтерін тұтынушылар болып табылатын заңды ж ә н е ж е к е т ұ л ғ а л а р ;

4) ішкі қызметтер - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи

монополиялар субъектілерінің бір тобының өндірістік процестерінің басқа тобына ұсынатын қызметтер болып табылатын сыртқы қызметтер ұсынудың шартты түрде бөлінетін кезеңдері;

5) қосалқы процестер - нәтижелері негізгі өндірістік және басқарушылық процестерді жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау болып табылатын өндірістік процестер;

6) өндірістік процестер топтары (бұдан әрі - ӨПТ) - қызметтер көрсетуге жеке де және бір-бірімен өзара ықпалдаса отырып та қатысатын қызметтер көрсетудің белгілі бір өндірістік процестерінің жиынтығы;

7) іске қосылған активтер - аэронавигация қызметтерін ұсыну үшін пайдаланылатын аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің негізгі құралдары мен материалдық емес активтері;

8) қызметтерге жанама іске қосылған активтер - бір мезгілде бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) себептік-салдарлық байланысы бар іске қосылған активтер, сондықтан да олар белгілі бір қызметке тікелей және бір жақты жата алмайды, бірақ белгіленген қызметтер көрсетуде олардың іске қосылу дәрежесі осы себептік-салдарлық байланыстарды көрсететін бөлу базасының негізінде анықталуы мүмкін;

9) қызметтерге арналған жанама шығындар - бір мезгілде бірнеше қызметтермен (қызметтер тобымен) себептік-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан да олар белгілі бір қызметке тікелей және бір жақты жата алмайды, бірақ шығындардың пайда болу себептерін көрсететін бөлу базасының негізінде қызметтерге бөлінуі мүмкін;

10) өндірістік процестер топтарының элементтеріне жанама іске қосылған активтер - бір мезгілде бірнеше ӨПТ элементтерімен себептік-салдарлық байланысы бар іске қосылған активтер, сондықтан да олар ӨПТ-ның белгілі бір элементіне тікелей және бір жақты жата алмайды, бірақ олардың іске қосылу дәрежесі осы себептік-салдарлық байланыстарды көрсететін бөлу базасының негізінде анықталуы мүмкін;

11) өндірістік процестер топтарының элементтеріне жанама шығындар - бір мезгілде бірнеше ӨПТ элементтерімен себептік-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан да топтың белгілі бір элементіне тікелей және бір жақты жата алмайды, бірақ шығындардың пайда болу себепін көрсететін бөлу базасының негізінде ӨПТ элементтері бойынша бөлінуі мүмкін;

12) жалпы активтер - қызметтердің барлық түрлерін ұсынуға байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай болса да белгіленген себептік-салдарлық байланысы жоқ активтер, сондықтан да олардың қызметтер ұсынуда іске қосылу дәрежесі уәкілетті органмен келісілген бөлу базасының негізінде анықталуы мүмкін;

13) жалпы шығындар - қызметтердің барлық түрлерін ұсынуға байланысты, бірақ осы қызметтермен қандай болса да белгіленген себептік-салдарлық байланысы жоқ шығындар, сондықтан да уәкілетті органмен келісілген бөлу базасының негізінде бөлінеді;

14) негізгі өндірістік процестер - нәтижесі қызмет көрсету болып табылатын өндірістік процестер;

15) өндірістік процестер - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің қызметіндегі түпкілікті қызметтер көрсету мақсатында оның ресурстарын пайдаланып белгіленген іс-қимылдардың дәйектілігі. Ол негізгі өндірістік, қосалқы және басқарушылық процестерді қамтиды;

16) қызметтерге тікелей іске қосылған активтер - белгілі бір қызмет ұсынуға тікелей себептік-салдарлық байланысы бар іске қосылған активтер, сондықтан да белгіленген қызметке тікелей және бір жақты жатқызылуы мүмкін;

17) қызметтерге тікелей шығындар - белгілі бір қызметпен тікелей себептік-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан да белгіленген қызметке тікелей және бір жақты жатқызылуы мүмкін;

18) ӨПТ элементтері бойынша тікелей іске қосылған активтер - ӨПТ белгілі бір элементтерімен тікелей себептік-салдарлық байланысы бар іске қосылған активтер, сондықтан да ӨПТ-ның белгіленген элементіне тікелей және бір жақты жатқызылуы мүмкін;

19) ӨПТ элементтеріне тікелей шығындар - ӨПТ белгілі бір элементімен тікелей себептік-салдарлық байланысы бар шығындар, сондықтан да ӨПТ-ның белгіленген элементіне тікелей және бір жақты жатқызылуы мүмкін;

20) себептік-салдарлық байланыс негізінде бөлу - реттелетін қызметтердің түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді шығындардың, табыстардың және іске қосылған активтердің белгілі бір қызметтермен байланысын, пайда болу себептерін алдын ала зерттеу негізінде бөлу;

21) ресурстар - табиғи (шикізаттық, геофизикалық), еңбек (адам капиталы), күрделі (физикалық капитал - негізгі құралдар), айналымдағы құралдары (материалдар), ақпараттық ресурстар, қаржылық (ақша капиталы) ресурстарға бөлінетін, өндірістік-шаруашылық қызметінде пайдаланылатын көздердің, құралдардың жиынтығы;

22) бірлескен активтер - бірнеше қызметтер (қызметтер топтарын) ұсыну үшін пайдаланылатын іске қосылған активтер, бірақ осы қызметтермен қандай болса да белгіленген себептік-салдарлық байланысы жоқ, алайда олардың қызметтер ұсынуда іске қосылу дәрежесі уәкілетті органмен келісілген бөлу базасының негізінде анықталуы мүмкін;

23) бірлескен шығындар - бірнеше қызметтерді (қызметтер тобын) ұсыну үшін пайдаланылатын шығындар, бірақ мұның қызмет көрсетулермен қандай болса да нақты себептік-салдарлық байланысы жоқ, сондықтан да уәкілетті органмен келісілген бөлу базасының негізінде бөлінеді;

24) трансферттік төлемдер - көрсетілген ішкі қызметтер көлемінің құндық тұлғалануы ;

25) трансферттік такса - көрсетілген ішкі қызметтер бірлігіне жұмсалған шығындардың құндық тұлғалануы ;

26) басқарушылық процестер - нәтижесі барлық қалған өндірістік процестердің нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру болып табылатын өндірістік басқару процестері ;

27) экономикалық негізделген шығындар - аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің операциялық қызметін, іске қосылған активтерге салынған іске қосылған капиталы және іске қосылған активтерді үдемелі өндіруге амортизациялық аударымдары бойынша аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектінің өтемдерін қамтамасыз етуге байланысты шығындары;

28) өндірістік процестер топтарының элементтері (бұдан әрі - ӨПТ элементтері) - аэронавигациялық қызметтер көрсеткен кезде пайдаланылатын, олардың құны мен олармен байланысты шығындарды аэронавигация қызметтерінің түрлеріне бөлу үшін өндірістік процестердің топтары бойынша біріктірілген персонал мен негізгі құралдар топтары.

Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 86-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

8. Осы Ережеде пайдаланылатын өзге де ұғымдар Қазақстан Республикасы табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы заңнамасына сәйкес қолданылады .

Ескерту: 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу Агенттігінің 2009 жылғы 13 ақпандағы N 42-НҚ Бұйрығымен.

2-тарау. Бөлектеп есепке алу жүргізілетін қызметтердің түрлері және өндірістік процестер топтары

9. Реттелетін қызметтердің түрлері бойынша шығындарды бөлу және іске қосылған активтерді анықтау үшін аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің шығындары мен іске қосылған активтері өндірістік процестер топтары бойынша топтастырылады. Шығындарды бөлу және іске қосылған активтерді анықтау аэронавигация қызметтерін ұсынудың

барлық кезеңдерін дәйекті бөліп алу негізінде жүргізіледі. Шығындарды бөлу ӨПТ элементтерін ұстау мен қызмет көрсету процестерін және аэронавигациялық қызметтерді сыртқы пайдаланушыларға сату процестеріне байланысты шығындарды өзге қызметтер ұсынудан бөліп алу жолымен жүргізіледі. Активтердің іске қосылу дәрежесін анықтау ӨПТ-ның тиісті элементтерімен және аэронавигацияның реттелетін қызметтерін іске асыру процестерімен байланысты іске қосылған активтерді бөліп алу және өзге де қызметпен байланысты активтерді бөліп алу жолымен жүргізіледі.

Бөлектеп есепке алуды жүргізу мақсатында аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілер өндірістік процестердің мынадай топтарын бөліп шығарады:

- 1) әуе қозғалысын жоспарлау және басқару;
- 2) өзге қызмет.

Өндірістік процестердің топтары бойынша топтастырылған табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алу мақсатында әрбір түр бойынша реттелетін қызметтер мен тұтастай өзге қызмет бойынша бөлінеді.

3-тарау. Өндірістік процестер топтары бойынша табыстар, шығындар мен іске қосылған активтер

10. "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" өндірістік процестер тобы мынадай:

әуе қозғалысын жоспарлау және басқару;
аэронавигациялық ақпаратпен қамтамасыз ету (аэронавигациялық (бұдан әрі - AIP) ақпарат жинақтарын, пилоттарға арналған (бұдан әрі - NOTAM) хабарларды, аэронавигациялық (бұдан әрі - AIP) ақпарат нұсқауларын әзірлеу және ұшар алдында ақпарат бюллетеньдерін ұсыну);
авариялық хабарландыру;

әуе қозғалысына консультативтік қызмет көрсету;
аудандық диспетчерлік қызмет көрсету;
келерде диспетчерлік қызмет көрсету;
әуеайлақтық диспетчерлік қызмет көрсету;
радиолокациялық жүйелер мен навигациялық жүйелерді құру және пайдалану;

әуе қозғалысын басқарудың автоматтандырылған жүйелерін құру және пайдалану;

телефон желілерін, радиобайланыс желілерін, авиациялық тіркелген электрбайланыс (бұдан әрі - AFTN) желілерімен қызмет көрсету, оларды ұстау, жоспарлау және дамыту;

электрмен қоректендірілетін резервтік көздерді ұстау;
қызметтерді тұтынушылармен жұмыс (шарттарды ресімдеу мен жасасу,
шоттар мен өзара есеп айырысуды ұсыну) өндірістік процестерді қамтиды.

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның сыртқы және ішкі
қызметтерді көрсетеді.

Сыртқы қызметтер қызметтерді сырттай пайдаланушыларға көрсетіледі. Ішкі
қызметтер "Өзге қызмет" өндірістік процестер тобына көрсетіледі.

Сыртқы қызметтерге аэронавигацияның мынадай:

Қазақстан Республикасының әуе кеңістігінде аэронавигациялық қызмет
көрсету;

әуеайлақтар маңайында аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтері
жатады.

Сыртқы қызметтер аэронавигацияның реттелетін және реттелмейтін
қызметтері болып бөлінеді. Аэронавигацияның реттелмейтін қызметтеріне
халықаралық әуе тасымалын қонуды жүзеге асырмастан және Қазақстан
Республикасының аумағына коммерциялық емес мақсатпен қонуды жүзеге асыра
отырып, Қазақстан Республикасының әуе кеңістігі арқылы жүзеге асыратын әуе
кеңістігі мен шетел авиакомпаниялардың әуеайлақтар аудандарындағы
аэронавигациялық қызмет көрсету қызметтері жатады.

Ішкі қызметтерге оларды одан әрі сыртқы пайдаланушыларға сату
мақсатында көрсетілетін:

телефон, радио және электр байланыс;

электр энергиясымен, шығарылған электрмен қоректендірілетін резервтік
көздермен қамтамасыз ету жөніндегі;

үй-жайлар, жабдықтар мен басқа мүліктер беру, оларды одан әрі жалға беру
мақсатында ұстау және оларға қызмет көрсету жөніндегі;

регламенттен тыс жұмыс кезінде аэронавигациялық қызмет көрсету
қызметтері жатады.

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның табыстары сыртқы
қызметтер көрсеткені үшін түскен табыстардан және "Өзге қызмет" ӨПТ-ы
көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден құралады. Сыртқы
қызметтер көрсеткені үшін түскен табыстар жоғарыда аталған қызметтердің
көрсетілуі бойынша тиісті қызметтер мен бағалардың көлеміне қарай
айқындалады. Ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдер осындай
қызметтердің көрсетілуі бойынша көрсетілген қызметтер мен трансферттік таксы
көлеміне қарай айқындалады.

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның шығындары осы ӨПТ
өндірістік процестерін орындауды қамтамасыз етуге байланысты шығындардан
құралады.

"Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның іске қосылған активтеріне осы ӨПТ-ның элементтері (машиналар, жабдықтар, үй-жайлар, ғимараттар, көлік құралдары, өзге де негізгі құралдар, сондай-ақ ӨПТ-ның тиісті элементтерімен байланысты материалдық емес активтер) бойынша бөлінген барлық активтер жатады.

11. "Өзге қызмет" өндірістік процестер тобы:
аэронавигациялық ақпарат құжаттарын (AIP, түзетулер, бағыттық картала және т.б.) бөгде ұйымдарға коммерциялық сату;
телефон, радио және электр байланысы қызметтерін, сондай-ақ электр энергиясымен, шығарылған электрмен қоректендірілетін резервтік көздермен қамтамасыз ету жөніндегі қызметтермен сыртқы пайдаланушыларды коммерциялық қамтамасыз ету және оларға сату;
қызметтердің өзге де түрлерімен коммерциялық қамтамасыз ету және сату қызметтерін көрсету өндірістік процестерін қамтиды.

Осы ӨПТ сыртқы қызметтерді көрсетеді.

С ы р т қ ы қ ы з м е т т е р г е :

аэронавигациялық ақпарат құжаттарын (AIP, түзетулер, бағыттық картала және т.б.) бөгде ұйымдарға коммерциялық сату;
телекоммуникациялар қызметтері;
коммерциялық радиобағдарлар түріндегі радиобайланыс, жоғары жиілікті байланыс арналарын беру қызметтері;
желіге кіру нүктелерін беру, қол жеткізу алынып тасталған пультты қосу және қызмет көрсету жөніндегі, телеграфтық индексті иелену, коммерциялық жеделхаттар жіберу жөніндегі телеграфтық байланыс қызметтері;
коммуналдық қызметтер, электр энергиясы, электр желілерін пайдалану, электрмен қоректендірілетін резервтік көздерді пайдалану;
негізгі құралдар мен тауар-материалдық қорларды сату;
к ү з е т қ ы з м е т т е р і ;
үй-жайлар, жабдықтар мен басқа мүліктер беру, оларды одан әрі жалға беру мақсатында ұстау және оларға қызмет көрсету;
ө з г е д е қ ы з м е т т е р ж а т а д ы .

"Өзге қызмет" ӨПТ-ның табыстары жоғарыда аталған қызметтердің көрсетілуі бойынша тиісті қызметтер мен бағалардың көлеміне қарай айқындалатын сыртқы қызметтер көрсетуден түскен табыстардан құралады.

"Өзге қызмет" ӨПТ-ның шығындары осы ӨПТ-ның өндірістік процестерін қамтамасыз етуге байланысты шығындардан және "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ы көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерден құралады.

"Өзге қызмет" ӨПТ-ның іске қосылған активтеріне осы ӨПТ-ның элементтері

(машиналар, жабдықтар, үй-жайлар, ғимараттар, көлік құралдары, өзге де негізгі құралдар, сондай-ақ ӨПТ-ның тиісті элементтерімен байланысты материалдық емес активтер) бойынша бөлінген барлық активтер жатады.

12. Осы Ереженің 10, 11-тармақтарында көзделмеген қызметтерді көрсету кезінде, оларды ішкі және сыртқы қызметтерге жатқызуды осы Ереженің 7-тармағының 2) және 4) тармақшаларында белгіленген ұғымдар негізінде аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілер дербес жүргізеді.

13. Табиғи монополиялар субъектісі табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттелетін қызметтің басқа да түрлерін аэронавигациялық қызмет көрсетуден басқа жүзеге асыру кезінде табиғи монополиялар субъектілер қызметінің осындай түрлеріне сәйкес келетін өндірістік процестер топтарын бөледі және қызметтің осындай түрлері бойынша уәкілетті органның бөлектеп есепке алуды жүргізу жөніндегі нормативтік құжаттамаларын басшылыққа ала отырып, ол бойынша бөлектеп есепке алуды жүзеге асырады.

Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 86-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2009 жылғы 13 ақпандағы N 42-НҚ бұйрықтарымен .

4-тарау. Қызметтердің түрлері бойынша табыстар, шығындар мен іске қосылған активтер

14. Табыстарды реттелетін қызметтердің түрлері бойынша және реттелмейтін қызметтерге бөлу осы Ережеде белгіленген бөлектеп есепке алудың негізгі қағидаттарын ескеріп жүргізіледі. Реттелетін қызметтер мен реттелмейтін қызметтердің әрбір түрін көрсетуден түскен табыстар тиісті қызметтер түрлерінің көлемі мен сыртқы пайдаланушыларға қызметтердің аталған түрлері көрсетілген бағалар (тарифтер) негізіне сүйене отырып анықталады.

15. Қызметтерден түскен табыстар реттелетін қызметтердің түрлері бойынша және реттелмейтін қызметтерге бастапқы құжаттардың деректері негізінде тікелей жатқызылады.

16. Аэронавигациялық қызметтердің әрбір түрін сыртқы пайдаланушыларға ұсыну жөніндегі шығындар қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және сатуға байланысты "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ның шығындарынан құралады.

17. Қызметтердің, аэронавигациялық қызметтен басқа, реттелмейтін түрлерін ұсыну жөніндегі шығындар қызметтердің тиісті түрлерін, "Әуе қозғалысын

жоспарлау және басқару" ӨПТ-ы көрсеткен ішкі қызметтер үшін трансферттік төлемдерді қоса, көрсету мен сатуға байланысты "Өзге қызмет" ӨПТ-ның шығындарынан құралады. Трансферттік төлемдер, егер реттелмейтін қызметтерді ұсыну кезінде ішкі қызметтер көрсетілген болса, ескеріледі.

18. "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ-ы көрсететін аэронавигацияның реттелетін және реттелмейтін қызметтерінің әрбір түрі бойынша іске қосылған активтерге қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және сатуға байланысты іске қосылған активтер жатады.

19. "Өзге қызмет" ӨПТ-ы көрсететін аэронавигацияның реттелмейтін қызметтер бойынша іске қосылған активтеріне реттелмейтін қызметтердің тиісті түрлерін көрсетуге және сатуға байланысты осы ӨПТ-ның іске қосылған активтері, сондай-ақ реттелмейтін қызметтердің көрсетілген түрлерін ұсынуға қажетті "Әуе қозғалысын жоспарлау және басқару" ӨПТ көрсеткен ішкі қызметтердің түрлері бойынша іске қосылған активтер жатады. Ішкі қызметтердің түрлері бойынша іске қосылған активтер, егер реттелмейтін қызметтерді ұсынған кезде ішкі қызметтер пайдаланылатын жағдайда есептеледі.

5-тарау. Шығындарды және іске қосылған активтерді бөлу тәртібі

20. Бөлектеп есепке алуды жүргізу мақсаттары үшін шығындар мен іске қосылған активтер тікелей, жанама, бірлескен және ортақ болып бөлінеді.

21. Шығындарды бөлу және активтердің іске қосылу дәрежесін анықтау үшін шығындар мен активтердің тиісті ӨПТ-мен және аэронавигациялық ұйым ұсынатын қызметтермен себептік-салдарлық байланысының негізінде бөлу әдіснамасы пайдаланылады. Бұл ретте шығындар мен активтердің аэронавигациялық ұйымның әрбір ӨПТ бойынша ресурстармен себептік-салдарлық байланысы және осы ресурстардың аэронавигациялық ұйымы ұсынатын қызметтермен себептік-салдарлық байланысы белгіленеді.

Іске қосылған активтердің амортизациясы іске қосылған активтердің құнын бөлу негізінде бөлінеді.

22. Шығындар мен іске қосылған активтерді бөлу процесі мынадай кезеңдерден тұрады (1-қосымшаның сызбасы):

Шығындарды бөлудің бірінші кезеңінде жұмсалған шығындар мен аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің ресурстарымен қызметтер көрсетуде пайдаланылатын іске қосылған активтердің арасындағы тікелей және жанама байланыстарды анықтау жүргізіледі. Анықталған байланыстардың негізінде шығындар мен іске қосылған активтерді аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің тиісті

ресурстары бойынша (жанама шығындар мен іске қосылған активтерді ресурстарға бөлу базасын жанама бөлу кезінде пайдаланылатын ресурстардың негізгі түрлерінің тізбесі 2-қосымшада келтірілген) топтастыру жүргізіледі. Шығындар мен іске қосылған активтердің және ресурстардың тікелей байланыстары болған жағдайда, жүзеге асырылған шығындар мен іске қосылған активтердің құнын осындай ресурстарға, жанама байланыстары болған жағдайда - өндірістік шығындар мен іске қосылған активтердің құнын бөлу базасының негізінде тиісті ресурстарға тікелей жатқызу жүргізіледі.

Шығындар мен іске қосылған активтерді бөлудің екінші кезеңінде аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері ресурстарының негізгі өндірістік, қосалқы және басқарушылық процестермен тікелей және жанама байланыстарын анықтау жүргізіледі. Анықталған байланыстардың негізінде ресурстарға топтастырылған шығындар мен іске қосылған активтерді тиісті өндірістік процестерге (ресурстармен байланысты шығындар мен іске қосылған активтерді ресурстарға бөлу базасын өндірістік процестерге бөлу кезінде пайдаланылатын өндірістік процестердің үлгілік тізбесі 3-қосымшада келтірілген) жатқызу жүргізіледі. Ресурстар мен өндірістік процестердің арасында тікелей байланыстар болған жағдайда, ресурстарға топтастырылған, жүзеге асырылған шығындар мен іске қосылған активтердің құнын тиісті өндірістік процестерге, жанама байланыстары болған жағдайда - ресурстарға топтастырылған өндірістік шығындар мен іске қосылған активтердің құнын жанама бөлу базасының негізінде тиісті өндірістік процестерге тікелей ж а т қ ы з у ж ү р г і з і л е д і .

Шығындар мен іске қосылған активтерді бөлудің үшінші кезеңінде аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің қосалқы процестерінің тиісті негізгі өндірістік және басқарушылық процестермен тікелей және жанама байланыстары айқындалады.

Анықталған байланыстардың негізінде қосалқы процестермен байланысты шығындар мен іске қосылған активтерді негізгі өндірістік және басқарушылық процестерге (қосалқы процестермен байланысты шығындар мен іске қосылған активтерді негізгі бөлу базасын жанама бөлу кезінде пайдаланылатын тізбе 4-қосымшада келтірілген) тікелей жатқызу және жанама бөлу жүргізіледі. Қосалқы процестердің негізгі өндірістік және басқарушылық процестермен тікелей байланыстары болған жағдайда, қосалқы процестермен байланысты, жүзеге асырылған шығындар мен іске қосылған активтердің құнын тиісті негізгі өндірістік және басқарушылық процестерге, жанама байланыстары болған жағдайда - қосалқы процестермен байланысты жұмсалған шығындар мен іске қосылған активтердің құнын бөлу базасының негізінде тиісті негізгі өндірістік және басқарушылық процестерге тікелей жатқызу жүргізіледі.

Шығындар мен іске қосылған активтерді бөлудің төртінші кезеңінде аэронавигациялық ұйымның негізгі өндірістік процестерінің негізгі өндірістік процестермен байланысты шығындар мен іске қосылған активтерді ӨПТ-ның сыртқы қызметтері мен элементтеріне тікелей жатқызу және қосалқы бөлу үшін ӨПТ-ның тиісті сыртқы қызметтермен және элементтерімен тікелей және жанама байланыстары анықталады. Негізгі өндірістік процестердің осындай процестермен байланысты шығындар мен іске қосылған активтердің сыртқы қызметтердің белгілі бір түрін көрсетумен тікелей байланысы болған жағдайда сыртқы қызметтердің тиісті түрлерінің құнына тікелей жатады. Егер негізгі өндірістік процестер сыртқы қызметтердің бірнеше түрлерін көрсетумен тікелей байланысты (жанама байланысты) болса, осындай процестермен байланысты шығындар мен іске қосылған активтер бөлу базасын пайдаланып сыртқы қызметтердің тиісті түрлерінің құнына жатады. ӨПТ-ның элементтерін ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ететін негізгі өндірістік процестермен байланысты шығындар мен іске қосылған активтер ӨПТ-ның элементтеріне тікелей және жанама жатады. ӨПТ-ның элементтерін ұстау мен пайдалануды қамтамасыз ететін негізгі өндірістік процестердің ӨПТ-ның белгілі бір элементтерімен тікелей байланыстары болған жағдайда, осындай негізгі өндірістік процестермен байланысты жүзеге асырылған шығындар мен іске қосылған активтерді ӨПТ-ның тиісті элементтеріне тікелей жатқызу, жанама байланыстары болған жағдайда - осындай негізгі өндірістік процестермен байланысты жұмсалған шығындар мен іске қосылған активтердің құнын тиісті ӨПТ элементтеріне бөлу базасының негізінде жанама бөлу жүргізіледі. Негізгі өндірістік процестермен байланысты шығындар мен активтердің бөлу базасын ӨПТ-ның қызметтері мен элементтеріне жанама бөлген кезде пайдаланылатын үлгілік тізбесі 5-қосымшада келтірілген.

Шығындар мен іске қосылған активтерді бөлудің бесінші кезеңінде басқарушылық процестері ӨПТ элементтерінің басқарушылық процестеріне (ӨПТ-ның элементтерін ұстау мен пайдалануға байланысты басқарушылық процестері) және өзге де басқарушылық процестерге бөлінеді. ӨПТ элементтерінің басқарушылық процестеріне байланысты шығындар мен іске қосылған активтер уәкілетті органмен келісілген бөлу базасын пайдаланып тиісті ӨПТ-ның элементтеріне бөлінеді.

Шығындар мен іске қосылған активтерді бөлудің алтыншы кезеңінде ӨПТ элементтерінің сыртқы және ішкі қызметтер көрсетумен тікелей және жанама байланысы анықталады. ӨПТ элементтерінің сыртқы немесе ішкі қызметтердің белгілі бір түрлерімен тікелей байланыстары болған жағдайда, ӨПТ-ның осындай элементтері бойынша топтастырылған, жүзеге асырылған шығындары мен іске қосылған активтерін сыртқы немесе ішкі қызметтердің тиісті түрлеріне

тікелей жатқызу жүргізіледі. Сыртқы немесе ішкі қызметтерге тікелей жатқызылмаған, ӨПТ-ның элементтері бойынша топтастырылған өзге шығындар мен іске қосылған активтер бөлу базасын пайдаланып анықталған жанама байланыстың негізінде тиісті сыртқы және ішкі қызметтердің құнына бөлінеді. ӨПТ-ның элементтері бойынша топтастырылған шығындар мен іске қосылған активтер негізгі бөлу базасын сыртқы және ішкі қызметтерге жанама бөлу кезінде пайдаланылатын тізбе 6-қосымшада келтірілген.

Бөлудің жетінші кезеңінде өзге де басқарушылық процестермен байланысты шығындар мен іске қосылған активтерді уәкілетті органмен келісілген бөлу базасын пайдаланып тиісті сыртқы қызметтерге бөлу жүргізіледі.

Шығындар мен іске қосылған активтерді бөлудің сегізінші кезеңінде тиісті шығындар мен іске қосылған активтерді сыртқы қызметтер ұсынудың кезеңдері бойынша сыртқы қызметтер ұсынуға байланысты шығындар мен іске қосылған активтерді анықтау үшін көрсетілген ішкі қызметтерді ескере отырып жинақтау жүргізіледі (сыртқы қызметтер ұсынудың кезеңдері бойынша шығындар мен іске қосылған активтерді жинақтау және ішкі қызметтерді сыртқы қызметтерге жатқызу тәртібі 7-қосымшада келтірілген).

Ескерту: 22-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 86-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

23. Шығындардың, ресурстардың, өндірістік процестердің 2-7-қосымшаларда келтірілген тізбелері аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілерінің ұйғарымы бойынша қосымша нақтылануы және кеңейтілуі мүмкін ең аз тізбелер болып табылады. Өндірістік процестер топтары аэронавигациялық ұйым ұсынатын қызметтердің түрлеріне және қызметтер көрсету технологияларына және осы қызметтердің арасындағы өзара байланысқа қ а р а й н а қ т ы л а н у ы м ү м к і н .

Осы Ереженің 2-7-қосымшаларында көрсетілмеген шығындар мен іске қосылған активтерді бөлудің базасын аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қолдануы м ү м к і н .

Ескерту: 23-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 86-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз) бұйрығымен .

24. Осы Ережеде көзделген есепті әзірлеу барысында қолданылатын бөлу базалары жылдық негізінде есептеледі. Бөлу базаларының қолданылатын түрлерін уәкілетті органның келісімінсіз аэронавигациялық қызмет көрсететін табиғи монополиялар субъектілері өзгерте алмайды, басқа бөлу базасына ауысу

уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылуы мүмкін.

Ескерту: 24-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі төрағасының 2007 жылғы 4 сәуірдегі N 86-НҚ (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2010.09.24 N 279-НҚ Бұйрықтарымен.

25. Ереженің негізінде аэронавигация қызметтерін көрсететін табиғи монополиялар субъектілер бөлектеп есепке алуды жүргізудің мақсаттары үшін әзірленген және бекітілген реттелетін қызметтердің түрлері бойынша табыстарды, шығындар мен іске қосылған активтерді бөлектеп есепке алуды жүргізудің өзіндік әдістемелерін есептік саясаттың жеке бөлімі түрінде уәкілетті органмен заңнамада белгіленген тәртіппен келіседі.

